

Бексұлтан Нұржекеұлының әңгімелеріне талдау

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында студенттерді көркем шығарма арқылы тәрбиелеу жолға қойылған. «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы», «Әдебиет тарихы», «Қазіргі қазақ әдебиеті» пәндерін оқытқанда, міндетті түрде көркем шығарманы талдау қатар жүргізіледі. Соның дәлелі ретінде «Қазіргі қазақ әдебиеті» пәнінен Б.Нұржекеұлының әңгімелерін талдауды ұсынып отырмын.

Б.Нұржекеұлының 2011 жылы «Жалын» баспасынан «Әй, дүние-ай!» романымен қатар бір жинаққа енген «Отыз екі», «Құбылық», «Суретшінің көңілдесі», «Жартастан шал құлапты терең суға», «Шыққан жан» атты әңгімелері адамдардың бір-біріне ұқсамайтын алуан түрлі тағдырларын суреттеуімен ерекшеленеді.

«Жартастан шал құлапты терең суға» әңгімесінде ер мен әйел адам арасындағы қатынастардың Абай заманымен салыстырғанда қаншалықты өзгергенін танытады. Егер ХІХ ғасырда:

«Етімді шал сипаған құрт жесін жеп,
Жартастан қыз құлапты терең суға»

- деп қыз суға секірсе, бұл заманда ақша үшін арын сатып небір қитұрқылықтарға баратын қыз емес, керісінше қызға алданып аяғын шалт басқан шал жартастан құларлықтай болып, жан азабын басынан кешетіні суреттелген. Бұл парадокс жалпы ұлттық нормаларға қайшы келетіні жасырын емес, сондықтан өмір шындығынан бір мысқал ауытқымайтын ирониялық модуста беріледі.

«Құбылық» әңгімесінде Дәулет есімді кісінің отыз бес жыл отасып, бес бала сүйгізген бірінші әйелін тастап, өзінен он бес жас кіші, үш баласы бар әйелмен бас қосқан өмірін баяндайды. Алғашқы он жылы тату-тәтті жақсы өмір кешкенімен, араларында жақындастыратын ортақ балалары болмағандықтан, екінші әйелінің бірінші күйеуінен туған баласы «құбылық» іспетті болып, олардың отбасылық өмірін ойран етеді. Ақыры, құдасының үйіне қонаққа барғанда өз немересінің еш жатырқамай, тізесіне отырып еркелеуі, баладан тәтті бір ғажап иістің келуі, жары мен балаларынан ұялып, қысылуы, жүрек талмасына әкеліп соғады. Мұнда да қазақы тірлік үшін маңызды әр жастың өз қызығы бар екенін еске салатындай. Ұлттық түсінікте адам қартайған шағында құда, құдағидың сыйластығына марқайып, балаларының қызығын көріп, немерелерін тәрбиелеп, Бұқар жырау айтпақшы «тілеуқорлық айласын» жасап, балаларының тілеуін тілеп отырғаны жарасымды. Ал кейіпкер қазіргі батыстан келген «өмір адамға бір-ақ рет беріледі, өз қалағанымша сүрмесен, оның несі өмір?» деген келте түсінікке еріп, құбылық сезімдерге бой алдырып, алданып ақыры өкінішке ұрынып, жүрек талмасына ұшырайды.

«Шыққан жан» әңгімесінің де сюжеті өмірде көп кездесе бермейтін тосын оқиғалардың біріне арналғанымен, мұнда да Бексұлтан Нұржекеұлы өзіне етене таныс тақырыпты, яғни ерлі-зайыптылар арасындағы қатынастарды әңгіме етеді. Әйелі Үлдір жас кезінде күйеуі Қайранның көзіне шөп салады.

Қайран екі баласын өте қатты жақсы көргендіктен де әйелімен ажыраспайды. Бірақ, оны өмір бақи кешірмейді, бір шаңырақ астында тұрады, алайда өле-өлгенге дейін әйеліне емірене тіл қатпай, бір рет жақындаспайды, бір бөлмеде жатып, бірде-бір рет жақындаспайды. Олардың өмірі арпалыс пен қиналыстан тұрады, сырттай барлығы жақсы көрінгенімен, отбасылық жылу жоқ, жақындық, жоқ. Қайран әйеліне психологиялық зорлық көрсетті деуге болады, әуелі әйелі ауырып ауруханаға түскенде де, тіпті бақұлдасып соңғы сөзін айтқанда да күйеуінің көңілі бір жібімейді. Бұл туралы шығармада: « - Сенн... менні...оңдылмай жазаладың... - деді жыламсырап... Біл-ллақ балалалыма білділмегенің үшін ллаххмет! Өлген соң да айтпасаң, аллуағым, лиза.

- Айтпаймын. Бірақ біліп қой: сен де мені жазаладың, мен де саған бола он жеті жыл бойы отбасы бар, бірақ әйелі жоқ адам болып өмір кештім» - дейді. Әрине, әйелге кесілген қатал жаза. Дегенмен, XX ғасыр басындағы қазақ әйелімен салыстырған, Шолпанның жазасына қарағанда бұл тәуірлеу жаза екені рас. Осы әңгімесі арқылы жазушы ұлт үшін қастерлі ақ некеге адалдық, сезімге адалдық секілді адамгершілік құндылықты паш етеді.

Оспанова Гүлмәрия Тұрысбекқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, қазақ
әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының
аға оқытушысы